

**8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
Жакулаев Адил Муратовичтің философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи
дискурс» тақырыбындағы диссертациясына**

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Диссертацияда қарастырылатын, пайымдалатын ғылыми болжамдар қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс болып отыр. Сондай-ақ тарихи тақырыптағы шығармалардағы дискурс мәселесі зерделенеді. Қазіргі уақытта дискурс өнерде, әдебиетте ерекше рөл атқарады. Толассыз дискурстар ағынындағы қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдарын бағамдап, көркем шығармалардың тарихи дискурсты туындатуы туралы жаңа байламдар жасап, отар болған елдегі тарихи сана деңгейін болжау диссертациялық жұмыстың маңыздылығын танытады.

Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың ерекшеліктері жүйеленіп, тәуелсіздіктен кейін жазылған көркем шығармаларға ғылыми-теориялық тұрғыдан баға беріліп, тарихи прозаның бағыт-бағдары айқындалған. Сондықтан да дискурстың ұлттық әдебиетіміздегі орнын саралап, қазақ әдебиеті мен әлемдік әдеби үдерістердің байланысын анықтау әдебиеттанушылардың зерттеуіндегі өзекті мәселелер болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда Жакулаев Адил Муратовичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациясы өзінің өзектілігін көрсетеді.

Шын мәнінде дискурс – әсіресе, философия, әдебиет пен өнерде, тіл білімінің жаңа бағыттарында, саясаттануда, және басқа күрделі салаларды түп-төркінінен танып, типологиялық тұрғыда зерттеуге негіз қалайтын, алғашқы жолды ашатын ілім болғандықтан көп талқыланатын негізгі мәселенің бірі.

Ғылыми жұмыс тақырыбының өзектілігі айқын әрі маңызы басым. А.Жакулаев еңбекте күрделі мәселелерге батыл бара біліп, ол жолда тұжырымды ойлар айта білген. Зерттеу қазақ әдебиетінің қазіргі бағыт-бағдарын зерделеу мен игеруде жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыста қазақ әдебиетіндегі дискурс мәселесін қарастыру, зерттеп-талдап, сипаттау басты нысанаға алынған. Ізденуші тарихи дискурстың қазіргі қазақ прозасындағы алатын орнын анықтап, қазақ әдебиетіндегі шығармалардың ерекшеліктерін тыңғылықты зерттеген. Осы зерттеу жұмысты қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты танытудағы А.М.Жакулаевтың өзіндік үлесі деп есептеуге болады.

Диссертациялық жұмыстағы ғылыми талдаулар, соны ізденістер мен тұжырымдалған нәтижелер ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талап деңгейіне толықтай жауап береді. Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ

прозасындағы тарихи дискурстың алатын орны және көркемдік қызметінің анықталуы, қазақ әдебиетіндегі бұл мәселелер біртұтастықтағы жүйеде сараланған. Ғылыми жұмыстағы жаңаша талдаулар мен жасалған қорытындылар соны дәлелдейді.

Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиже үлкен теориялық мәліметтерді зерделеп, зерттеу арқылы алынған. Ұсынылған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігі күмән туғызбайды, себебі олар ғылыми саралаудың заманауи жаңашыл әдістерін қолдана отырып жүргізілген. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиже мен қорытындылардың ғылыми негізделуі мен шынайылық дәрежесі жоғары. Ізденушінің зерттеу барысында дәстүрлі ғылыми талдау мен жинақтау, тарихи-сипаттамалық, мәтіндік тұрғыдан салыстыру, талдау әдістерін ұштастыра қолдануы да әрбір тұжырымның шынайылық мәнін арттыруға ықпал жасаған. Тұтастай алғанда, ғылыми жұмыстың тұжырымдары мен қорытынды, түйіндерінің дәрежесі жоғары, әрбір ғылыми нәтиженің негізделуі және шынайылық деңгейі талапқа сай.

А.М.Жакулаев өз жұмысында алған нәтижелерінің ішкі бірлігі үйлесім тапқан. Қазіргі таңдағы тарихи дискурстың өзекті мәселелеріне тоқтала отырып, оның қазақ прозасындағы мән-маңызымен тұтастықта қарастырған. Ғылыми еңбектің зерттеу нысанына алынған мәселелердің бәрі ортақ та айқын мақсаттан туындаған да, тұтас бір мазмұндық желілік сақталған. Әр бөлім бір-бірімен өзара тығыз байланыстылықта алынып, ғылыми нәтижелер нық сабақтасқан, мәселелерді қарастыру, саралау реті жүйелі үйлескен. Қорытындылар мен түйін-тұжырымдар, ғылыми нәтижелер ішкі бірлікте тұжырымдалған. Еңбекте логикалық тұтастық бар. Ғылыми жұмыстың жүйелілігі, ғылыми нәтижелерінің тығыз байланыстылығы, ішкі бірлікке негізделген сабақтастық сипаты өз дәрежесінде сақталған.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері соны жаңалығымен, тың бағыттағы тұжырымдарға негізделген әдіснамалық сипатымен айқындалады. Диссертация материалдарын жоғарғы оқу орындарында дәріс оқу, арнайы курс және семинар сабақтарын жүргізу барысында тарихи және теориялық, әдіснамалық сипаттағы дереккөздер ретінде толығымен ұсынуға болады.

Тұжырымдай айтқанда, 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы Жакулаев Адил Муратовичтің зерттеу жұмысын философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Кастамону университетінің профессоры,
«Қазіргі Түрік тілдері және әдебиеттері» бөлімінің басшысы,
PhD доктор (Түркия, Кастамону)

